

**ҚР ҚМ БСИ-ның "Мүлікке салықты есептеу және төлеу тәртібі туралы"
Нұсқаулығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитеті 1997 жылғы 24 қаңтар N 19. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 17 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 31. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

19. "Мүлік салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" Қазақстан
Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының N 38
Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан
Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің 1997 жылғы 24 қаңтардағы N 19
V970031_ бұйрығы. -----

Салық заңдарын жетілдіру мақсатында және "Қазақстан Республикасы
Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер
туралы" Z952235_ Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу
туралы: Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 желтоқсандағы Заңына

сәйкес бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық
инспекциясының N 38

V950071_

"Мүлікке салықты есептеу және төлеу тәртібі туралы" Нұсқаулығына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің бұйрығына 3 беттік N 1 қосымша қоса тіркеледі.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік салық
комитетінің бұйрығына
N 19 24 қаңтар 1997 жыл

1995 жылғы 27 маусымдағы N 38 "Мүлікке салықты
есептеу және төлеу тәртібі туралы"

Нұсқаулығына өзгертулер мен толықтырулар

11-тарау

4-тармақтағы "0,5 процент" сөзі "1 процент" сөзімен ауыстырылсын;

5-тармақтың 1-абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке тұлғалардың мүліктеріне салынатын салық, кәсіпкерлік қызметте қолданылмайды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті органы анықтаған жылжымайтын мүлік құны мынадай ставкалар бойынша жыл сайын төленеді:

- 1) 1000000 теңгеге дейін жылжымайтын мүлік құнының
0,1 проценті;
- 2) 1000000-нан 2000000 1000000 теңгенің жылжымайтын
теңгеге дейін мүлік құны салығының сомасы
+ одан асатын соманың 0,15%;
- 3) 2000000-нан 3000000 2000000 теңгенің жылжымайтын
теңгеге дейін мүлік құны салығының сомасы
+ одан асатын соманың 0,2%;
- 4) 3000000 теңгеден және 3000000 теңгенің жылжымайтын
одан жоғары мүлік құны салығының сомасы
+ одан асатын соманың 0,3%;

5-тармақтың 3 және 4-абзацтарындағы "0,5 проценті" сөзі "1 процент" сөзімен ауыстырылсын;

III-тарау

6-тармақтың 1-абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "салық Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті органы анықтаған баға негізінде есептеледі".

3-абзац мынадай редакцияда жазылсын: "Егер салық алынатын кезеңде салық салынатын, құрылыстардың, ғимараттардың және үйлердің бағасын құжат

бойынша белгілеу мүмкін болмаса, онда салық органдары жылжымайтын мүлікті бағалау және тіркеу бойынша органдарда бар ұқсас құрылыстардың бағаларынан

шыға отырып анықтайды".

4-абзацпен толықтырылсын: "Салықты есептеу салық жылының 1-қаңтардағы жағдайы бойынша жылжымайтын мүлік бағасынан шыға отырып жүргізіледі".

7-тармақтың 2 абзацындағы "коммуналдық шаруашылықтар (ТИБ), басқармалар" сөзі алынып тасталсын.

4-абзацтағы "Коммуналдық органдар" сөзі алынып тасталсын.

17-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Салық салынатын нысандардан тұрған жерлері бойынша салық алынады".

IV тарау

18-тармақтың 4-тармақшасы мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын

:

"осындай нысандар кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмаған жағдайда.

Мемлекеттік автомобиль жолдары мен құрылыстарының құрамындағы оларға мынадай нысандар енгізіледі:

- жол алқабы;
- жылдың конструктивтік элементтері;
- жолдардың жағдайы және орналастыру;
- көпірлер;
- жол өткелдер;
- виадуктер;
- көлік шешілімі;
- тоннелдер;
- қорғағыш галереялар;
- жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға арналған құрылыстар мен

қондырғылар;

- су алқабы және су өткізетін құрылыстар;
- жол бойындағы орман алқабы;
- тораптық тұрғын үйлер.

18-тармақтың 5-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: "Ақмола қаласында құрылыс салумен айналысатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғалар, құрылыс жұмыстарымен байланысты әрекет ету кезеңіне, бірақ бес жылдан артық емес".

19-тармақтағы "мүлік бойынша ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдайы бойынша ең төменгі еңбек ақы" сөзі "кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмаған мүлік бойынша жылдық орта есеptік көрсеткіш" сөзімен ауыстырылсын.

V тарау

20-тармақтағы "0,5 процент" сөзі "1 процент" сөзімен ауыстырылсын.

21-тармақтың 1-абзацындағы "есептеу" сөзі "декларация" сөзімен ауыстырылсын.

21-тармақ мынадай мағынадағы 2-абзацпен толықтырылсын:

"Мүлікке салық төлеу жөніндегі декларацияны төлеу кезінде келтірілген және шығарылған негізгі қаржыларды есептей отырып, 31 желтоқсандағы жағдай бойынша заңды тұлғалардың мүлкіне салық салуды, салық жылының негізгі қорының орташа бағасы ретінде есептеу керек.

V I I I т а р а у :

27-тармақтағы "Қаржы министрлігі" сөзі алынып тасталсын.

"Мүлікке салық салу жөніндегі декларация" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 21 маусымдағы N 38 Нұсқаулығының N 2 қосымшасы болып саналсын.

"Мүлікке салық салу жөніндегі декларация" _____ 199__ ж. бланкасының жоғарғы сол жақ бұрышында ұйымның, кәсіпорынның штатына арналған орын, оң жақ бұрышында аудандық (қалалық) салық инспекциясының атауы болуы керек. 6-тармақтағы "0,5 процент" сөзі "1 процент" сөзімен

ауыстырылсын.

"199__ ж. жағдай бойынша иелігінде құрылыс, бөлме және салынған құрылысы бар азаматтар туралы мәлімет" бланкасының оң жақ жоғарғы бұрышындағы "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы" сөзі "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті" сөзімен ауыстырылсын.

Мемлекеттік салық
комитетінің төрағасы